

**Хмельницкий жалпы білім беру орта мектебінің 2022-2023 оқу жылында атқарған кітапхана жұмыстарының есебі**

**Кітапхананың миссиясы** - әр адам білім алып, интеллектуалды даму үшін ақпаратқа ашық қол жеткізуін қамтамасыз ету.

**Кітапхананың стратегиялық бағыты** - өздігінен білім алуға, инновациялық әдістемелік бағдарламаларды құруға жағдай жасау, көркем-шығармашылық қызметті ақпараттық қамсыздандыру болып табылады.

**Кітапхананың негізгі міндеттері:**

- Оқырманның жеке тұлға ретінде дамуында кітапхананың ролін дамыту;
- Тұтынушылармен жеке жұмыс жүргізу;
- Кітапхана қорын қолданыстағы оқу бағдарламаларына сәйкес толықтыру;
- Мектептің қауымдастығын жеке және қоғамдық қажеттіліктеріне сай дамыту;
- Ақпаратты жылдам табу үшін қорлармен толықтыру, шамасына қарай анықтамалық материалдармен, сілтемелермен қамтамасыз ету;
- Қорларды дәстүрлі, баспа түрінде және сандық (электронды) түрде қамтамасыз ету;
- Мұғалімдермен қорлар ұсынуда, оқушыларға көмек көрсетуде ынтымақтастықта болу;
- Оқырманды кітап оқуға қызықтыруда белсенді болу.

**Оқырмандарға 2022-2023 оқу жылы кітапханалық қызмет көрсетуді ұйымдастырудың басым бағыттарының негізгі ұстанымдары:**

1. Қорларды өзектендіру;
2. Кітапханалық қызмет көрсету мен ресурстардың қолжетімді болуы;
3. Оқырмандардың сұранысын қанағаттандыру;
4. Кітапхананы үздіксіз дамыту;
5. Кітапханалық қызмет көрсету сапасын арттыру;
6. Қазіргі заманғы кәсіби стандарттарды, технологиялар мен қызметтерді игеруде алғырлық таныту;

**Оқырмандарға қызмет көрсету:**

р /с	Көрсеткіштер атауы	Өлшем бірлік	Жоспарланғаны	Орындалғаны
1	Бірыңғай тіркеу номері бойынша оқырмандар саны	оқырман	221	271
2	Оқырман құрамы: - 1-4 сынып оқушылары - 5-9 сынып оқушылары - 10-11 сынып оқушылары - оқытушылар - басқалар	оқырман оқырман оқырман оқырман оқырман	83 119 19 45 10	83 119 19 45 10
3	Интернет қолданушылар	келу	271	271

**Кітапхана жұмысының көрсеткіші:**

1	кітап берілімі	2400
2	келу саны	240
3	кітап оқылымы	1,0
4	Келушілер саны	3,6
5	қор айналымы	0,3
6	көпшілік-шаралар саны (бірл.)	
8	семинар өткізу, қатысу (бірл.)	1
9	Оқулықпен қамтылу	100 %



## Мәдени-көпшілік іс-шаралар:

24.09.2022 ж. «Бір ел – бір кітап» республикалық аясында Жыл кітабы болып жазушы Төлен Әбдіктің шығармаларын оқу бекітілді. Төлен Әбдіков 80 жыл !!! «Бір ел бір кітап 2023 ж Төлен Әбдік шығармалары Қыз Бәтін, Оралу, Парасат Майдан, Әке кітап көрмесі ұйымдастырылды. Көрменің мақсаты: қазақ әдебиетін кеңінен насихаттау, Қазақстанның әдеби мұрасын зерттеуге қызығушылық, сонымен қатар қазақстандық қоғамның интеллектуалды

және рухани дамуына ықпал ету. Әлеуметтік желілердегі мектептің, «Instagram» парақшаларына жарияланды.



9.10.2023 ж. «Отбасыммен әдебиет әлеміне» жобасы биыл көркем сөз шебері, қазақ және кеңес поэзиясын ілгері дамытуға өз үлесін қосқан айтулы ақын, жауынгер, "Мен қазақтың" поэмасының авторы Жұбан Молдағалиевтің туғанына 100 жыл толуына орай «Жайықтан есті самал жыр» тақырыбында ақынның шығармашылығына арналып онлайн форматта мәнерлеп оқу өткізілді. Ақынның «Адамдар, бақытты болыңдар», «Іздеріме», «Жүректер», «Мен қазақтың», «Өлкем жайлы ойласам», «Жол туралы аңыз»,

«Қиял қанатында», өлеңдері оқылды.

24.12.2023 «Bookcrossing – кітап әлеміне саяхат» «Оқы+Сыйла+Жалғастыр» акциясы өткізілді. акциясының аясында өткізілді сынып оқушылары мен ата –аналар отбасы.

7 «А» сынып оқушысы – Кәусар Азаматқызы , анасымен  
10 «А» сынып оқушысы – Аружан Нұрмағанбет, әжесімен  
8 «А» сынып оқушысы – Айым Нұрмағанбет әкесімен  
5 «А» сынып оқушысы – Санжар Тұраров , анасымен

катысушылардың өнері «Instagram» желілеріндегі мектептің парақшасында жарияланды.

### • КІТАПХАНА ЖҰМЫСЫНЫҢ БАҒЫТТАРЫ

- мектеп оқушыларының оқу сауаттылығын және оқуға деген қызығушылығын жетілдіруге жағдай жасау, мысалы:
- сахналық қойылым сабақтары, шығармашылық сайыстар, әдебиетке қатысты түрлі ойындар арқылы оқушылардың кітап оқуға құштарлығын жетілдіру;
- балалардың шығармашылыққа деген қызығушылығын ынталандыру.
- оқырман қызығушылығы мен оқырман сауаттылығын жетілдіру, сондай-ақ мәдени және ақпарат біліктілігін көтеру

Ақпараттық ортада оқудың алға басуы үшін жасөспірімдерге қолжетімді, пайдалы және қажетті әдебиеттер табу жағдайын жасауды қалыптастыру.


- Кітап мәдениеті, оқу құндылығы туралы пікірді қалыптастыру.
- Кітап оқитын, әдебиетті танытын, кітапханаға баратын адамның жағымды жақтарын құру.
- Аз оқитын немесе мүлде оқымайтын балаларды белсенді оқуға тарту.
- Саналы оқу дағдысын дамыту

### • Күтілетін нәтиже

- Жасөспірім оқушылардың оқырман сауаттылығын, мәдени оқу және оқырман қызығушылығының деңгейін көтеру.

- Жасоспірімдердің оқуын қолдау және дәріптеу жайында мектеп оқушыларының қоғамын құру (оқушылар, мұғалімдер, ата-аналар).
- Ата-аналарды балалар оқуы мәселесіне тарту, бірлесе кітап оқуын ұйымдастыру.

## Бастауыш сынып оқушыларына өткізілген 20 минуттық “кел, балалар, оқылық” жобасы



### 1- СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН МЕКТЕП КІТАПХАНАСЫМЕН ТАНЫСТЫРУ ІС-ШАРАЛАРЫ





**“Оқуға күштар мектеп” жобасы аясында “Дауыстап оқу сағаты” өткізілді** платформасы арқылы өткізіліп, мектептің , «Instagram» парақшаларына жарияланды.

29.01.2023 ж. 1-сынып оқушылары үшін «Әдептілік әлемі» тақырыбында кітапханалық сабақ өткізілді. Мақсаты: оқушылардың бойына кітапхана оқырмандарының әдептілік қағидаларын қалыптастыру. Сабақ барысында оқушыларға кітапхананы пайдалану ережесі, кітапты дұрыс таңдай білу жолдары, кітапханада оқырман өзін қалай ұстау керекті туралы айтылды. Сабақ кітапханаға жасалған экскурсиямен өте қызықты өтті.



- композитор халық әртісі, қазақ музыка мәдениетінің аса көрнекті қайраткері Дина Нұрпейісованың 162 жылдық мерейтойына орай «Аты аңызға айналған ана» тақырыбында виртуалды көрме ұйымдастырылды.

1.01.2023 ж. 9-сынып оқушылары арасында тарих пәні мұғалімі Жакишева С.А. бірлесіп Қазақстан Республикасының Президенті **Қасым-Жомарт Тоқаевтың “Тәуелсіздік бәрінен қымбат” мақаласы туралы пікір алысу** өткізілді. Іс-шарада еліміздің өткені мен жеткен жетістектерін, бағындырған асулары баян етілді. Оқушылардың еліміздің болашағына нық көзқараспен қарауына және патриоттық рухын көтеру мақсатында арнайы бейнероликтер көрсетілді.





Твистер ойыны. Пазл жинастыру.  
Балалар әдетте қозғалыстың үлкен  
қажеттілігін қанағаттандыруға тырысатын  
ойындар



**6 СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫМЕН “КІТАП – РУХАНИ БАЙЛЫҚ” , “КІТАП ОҚИ  
БІЛЕСІҢ БЕ?” ТАҚЫРЫПТАРЫНДА ОЙ БӨЛІСУ**



***КІТАП КӨРМЕСІ ЖАСАҚТАЛДЫ***



### **Кітап қорын толықтыру.**

Жаңа оқу жылында мектеп оқушылары оқулықтармен толық қамтылатын болады.

Министрлік «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілерін оқулықтармен және оқу –әдістемелік кешендерімен қамтамасыз ету қағидаларына» сәйкес білім беру ұйымдары арасында басқа да сыныптардың жетіспейтін оқулықтармен кітап алмасу арқылы толықтырылу жоспарлануда. Оқулықтарды жеткізу үдерісі келісім шарттар бойынша бекітілген мерзім аралығында іске асырылуда.

"Оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендерінің, құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштегілерінің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығына сәйкес кітапхананың оқулықтар қоры – **19955** дана, негізгі қор – 1 дана кітаппен толықтырылды.

«Мен оқығанды ұнатамын» көркем әдеби кітаптарды оқуға бағытталған жобаның жоспары толық орындалды Хмельницкий ЖББОМ 2022-2023оқу жылы

Кітапхана меңгерушісі: *Г.Х. Шокенова*